

**«Тұмар» Ұлттық телевизиялық бәйгесін
ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. БӘЙГЕНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

Бәйгенің негізгі мақсаты – кәсіби қоғамдастықтың жыл сайынғы құзыретті бағалауы арқылы қазақстандық теле индустрияны дамытуды ынталандыру.

Мақсаттары:

- елдің ең сапалы және өзекті телевизиялық контентін анықтау;
- отандық телевизия индустриясының имиджін қалыптастыру;
- телевизиялық контент өндірісінде талантты мамандарды қолдау;
- отандық телевизия контентінің стандарттарын жақсартуға ұмтылуды ынталандыру;
- сапалы қазақстандық телевизияны дамыту және ілгерілету.

Ұлттық бәйге 2017 жылы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің бастамасымен өткізілді.

Қазақстанның отандық БАҚ және медиа саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жәрдемдесу мақсатында құрылған "Медиа дамыту қоры" корпоративтік қоры бәйгенің ұйымдастырушыларының бірі бола отырып, қызметінің бағыттарының бірі салалық іс-шараларды ұйымдастыру, сондай-ақ медиа-қоғамдастықты шоғырландыруға, сала жетістіктерін бағалауға, сараптамалық пікір алмасуға, қазіргі заманның өзекті трендтері мен сын-қатерлерін талқылауға бағытталған жұмыс болып табылады.

Қордың міндеттері:

- іс-шара концепциясын құрастыруда көмек көрсету;
- өтінімдерді қабылдау және өңдеу;
- әділқазылар алқасымен жұмыс;
- шорт-парақты әзірлеу;
- Бәйгенің салтанатты іс-шарасын ұйымдастыруға қатысу.

2. БӘЙГЕГЕ ҚАТЫСУШЫЛАР

Бәйгеге маратапаттау алдындағы күнтізбелік жыл ішіндегі эфирге шыққан бірегей телевизиялық жобалар қатыстырылады.

Бәйгеге республикалық және аймақтық телевизиялық хабар тарату компаниялары, студиялар, продюсерлік орталықтар және телевизиялық контентті өндіретін медиа индустрияның басқа да ұйымдары қатыса алады.

Қатысушы өзі ұсынған материалдың құқықтық міндеттерін толықтай мойнына алады. Қатысушы туралы ақпарат өтініш толтыру кезіндегі орфографиямен және пунктуациямен жарияланады.

3. БӘЙГЕНІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- Өтінімдерді іріктеу үшін әділқазылар алқасының білікті құрамын қалыптастыру;
- Ықтимал қатысушылардың өтінімдері мен конкурстық жұмыстарын қабылдау;

- Бәйге жүлдегерлерін анықтау;
- Салтанатты марапаттау рәсімі.

4. БӘЙГЕ НОМИНАЦИЯЛАРЫ

«Тұмар» Ұлттық телевизиялық бәйгесінің номинациялар тізімі:

1. Үздік телевизиялық сериал
2. Үздік деректі фильм
3. Үздік ток-шоу
4. Үздік ойын-сауық бағдарламасы
5. Үздік ақпараттық бағдарлама
6. Үздік тележүргізуші
7. Үздік тележурналист
8. Үздік режиссерлік жұмыс
9. Үздік әлеуметтік жоба
10. Үздік аймақтық телеарна
11. Арнайы жүлде қазылар алқасының шешімімен қорытынды отырыста анықталады.

1 қосымшада номинациялар бойынша өтінімдерге қойылатын қосымша талаптар көрсетілген.

5. ӘДІЛҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

Қазылар қатысушыларды қарау, талдау және сарапшылық баға беру қызметін атқарады. Әділқазылар алқасы мәлімделген номинациялар бағыттары бойынша халықаралық және қазақстандық телевизияның білікті мамандарынан, мәдениет қайраткерлерінен құралған.

Жүлдегерлер әділқазылар алқасының жабық дауыс беруімен анықталады.

Жеңімпаздар жасырын дауыс беру арқылы анықталады.

2021 жылғы әділқазылар алқасының тізімі:

№	Аты-жөні
1	Дархан Мыңбай, мемлекет қайраткері, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
2	Дана Нұржігіт, журналист, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
3	Арманжан Байтасов, Tan Media Group төрағасы, «Forbes» журналының баспагері
4	Ирак Елекеев, журналист, ҚР Мемлекет және қоғам қайраткері
5	Артур Платонов, журналист, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
6	Лев Мариупольский, режиссер, сценарист, продюсер
7	Зейін Әліпбек, журналист, «BAQ KASIPODAQ» төрағасы
8	Ляззат Жүнісова, «Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС бас директоры
9	Ляйля Сұлтанқызы, тележурналист, продюсер
10	Махаббат Есен, журналист, медиа-менеджер

6. ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

Бәйгенің ақпараттық дереккөзі tvttumar.kz сайты болып табылады. Сайтта Бәйгені өткізу уақыты, номинациялар тізімі, қазылар туралы ақпарат, Ұйымдастырушы комитеттің байланыс деректері орналастырылады.

Конкурсқа қатысу үшін әлеуетті қатысушы жұмысына сілтеме жасай отырып сайттағы өтінімді толтырады. Өтінімде номинацияланатын жұмысқа сілтемені көрсету қажет. Байқауға қатысатын бейнематериалдарды телеарнаның немесе продакшн компанияның Youtube сайтындағы ресми парақшасына жүктеу қажет.

Конкурстық өтінімге pdf, jpeg форматындағы еркін нысандағы мөрі бар немесе фирмалық бланкіде және марапаттаудың алдындағы күнтізбелік жыл кезеңінде эфирге шыққан республикалық немесе өңірлік теледидар арнасында сауалнамада мәлімделген бейнематериалдың нақты шығу кестесін міндетті түрде көрсете отырып, эфирлік анықтама қоса беріледі.

Өтінім бере отырып, қатысушы ұсынылған бейнематериалға барлық қажетті құқықтарының бар екеніне, көрсетілген құқықтар кепілде еместігіне, оған тыйым салынбағандығына, ұсынылған бейнематериалға қатысты өзінің іс-әрекетімен үшінші тұлғалардың құқығын бұзбайтынына кепілдік береді.

Бейнематериалдарды ұсына отырып, қатысушы, осылайша, Бәйге ұйымдастырушыларына тапсырылған материалды Бәйгенің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін кез келген мақсатта қолдануға құқық береді, атап айтқанда, көшірмелердің қажетті санын дайындау, сақтау, ұсынылған бейнематериалдарды үзінді немесе толық түрінде қолдану, оны эфирде, кабельді және жерсеріктік желілерде, Интернет желісінде трансляциялау.

Жұмыстар эфирлік сапада қабылданады және онда жарнамалық материалдар мен тайм-кодтар болмауы тиіс.

Сериалдар мен бағдарламалар циклдерін тек бүтін эпизодпен (сериямен) беруге болады. Бейнематериалдардың үзінділерін жинақтау қарастырылмайды.

ҚАТЫСТЫРЫЛМАЙДЫ:

- заң бойынша шектеу қойылған элементтер: балағат лексика, адамның адамгершілігін кемсітетін, саяси, діни, ұлттық алауыздық және т.б. тудыратын сөздер мен іс-әрекеттер бар аудиовизуалдық өнімдер қабылданбайды;

Жолданған материалдар рецензиялауға жатпайды және қайтарылмайды.

7. ЖҰМЫСТАРҒА ҚАТЫСУ ҮШІН ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

Әрбір номинацияда әлеуетті ізденуші марапатталудың алдындағы күнтізбелік жыл кезеңінде эфирге шыққан жұмыстарды ұсынады.

«Үздік аймақтық телеарна» номинациясы үшін телеарнаның жұмысы туралы презентациялық материал (бейнематериал) ұсыну қажет, ол қысқаша тарихи анықтаманы, статистикалық деректерді, ақпараттық, талдамалық және ойын-сауық бағдарламаларына шолуды қамтуы тиіс.

БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР:

- 1) Файл көлемі: 25 ГБ дейін;
- 2) Формат: mp4;
- 3) Видеокодек: H264 (MainConcept);
- 4) bitrate: 3 600-тен 10 000-дейін kbps;
- 5) Рұқсат: 1280 x 720 немесе 1920 x 1080;
- 6) framerate: 25fps;
- 7) keyframe: әрқайсысы 25-ші;
- 8) Аудиокодек: MPEG 2 AAC-LC;
- 9) Stereobitrate: 128 kbps төмен емес;
- 10) Жиілік: 44100 КHz;
- 11) Конкурстық жұмыстардың тасымалдау каналы: видеохостингтік сайт [youtube.com](https://www.youtube.com)

8. ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖОБА САУАЛНАМАСЫ

1. Номинация;
2. Жоба атауы;
3. Телеарна;
4. Формат (жанр);
5. Хронометраж;
6. Эпизод саны;
7. Эфирге алғаш шыққан күні;
8. Эфирге шығу уақыты;
9. Қысқаша сипаттама;
10. Жоба ерекшелігінің сипаттамасы;
11. Қолда бар марапаттар;
12. Бейнематериалға сілтеме;
13. Байланыс деректері (аты-жөні, телефон, e-mail)

9. ЖЕКЕ НОМИНАЦИЯЛАР САУАЛНАМАСЫ

1. Номинация;
2. Аты-жөні;
3. Білімі;
4. Жұмыс өтілі;
5. Қолда бар марапаттары;
6. Эфирде ағмдық жобалары;
7. Айрықша кәсіби қасиеттері;
8. Бейнематериалға сілтеме;
9. Байланыс деректері (аты-жөні, телефон, e-mail).

10. ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Әлеуетті қатысушылардың тапсырған жұмыстарын бағалауда қазылар алқасының сарапшылық пікірлері, сонымен қатар әр номинация бойынша іріктеу критерийлері ескерілетін болады. Олардың ішінде:

- Әр номинацияның форматына сәйкес келу;
- Ақпараттық-талдау аспектісі;
- Телевизиялық өнімді түсіру және монтаж жасау сапасы;
- Көркем және техникалық безендіру;

- Өзіндік өнім;
- Қоғамдық резонанс.

11. МАРАПАТТАУ РӘСІМІ

Жеңімпаздарды марапаттау осындай іс-шараларды құрудың ең жоғары стандарттары бойынша «Қазмедиа орталығы» ғимаратында салтанатты рәсім форматында өтеді. Жеңімпаздарды марапаттау «Қазмедиа орталығы» ғимаратында салтанатты рәсім форматында өтеді. Әр номинация үздік танылған қатысушы Жеңімпаз атанып, оған «Тұмар» авторлық мүсіншесі және телеарнаға, аутсорсингтік компанияға, жеке тұлғаға демеушілерден 1 000 000 (бір миллион) теңге көлемінде қаржылай сыйақы беріледі.

2021 ЖЫЛДЫҢ «ТҰМАР» ҰЛТТЫҚ ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ БӘЙГЕСІНІҢ НОМИНАЦИЯЛАР ТІЗІМІ

№	Номинациялар	Ескерту
1	Үздік телевизиялық сериал	Сериалды тек бір толық эпизодпен (сериямен) ұсынуға болады, бейнематериалдар фрагменттерімен жиналған жиынтық қарастырылмайды. Сериалға арналған синопсис анкетада сипатталуы қажет.
2	Үздік деректі фильм	Фильмді тек бір толық эпизодпен ұсынуға болады. Фильмге трейлер беру міндетті түрде қажет.
3	Үздік ток-шоу	Ток – шоу туралы презентация материалын (3 минуттан аспайтын бейне материал) ұсыну қажет, онда қысқаша тарихи мәліметтер, статистика, тақырыптарға шолу жасалады. Бұл номинацияда кез-келген тақырыптағы ток-шоулар ұсынылуы мүмкін.
4	Үздік ойын-сауық бағдарламасы	Бағдарлама туралы презентацияны (3 минуттан аспайтын бейне материал) ұсыну қажет, онда қысқаша тарихи мәліметтер, статистика, тақырыптарға шолу жасалады. Бұл номинацияда жариялануы мүмкін: таңғы бағдарламалар, әзіл-оспақ, аспаздық бағдарламалар және т.б.
5	Үздік ақпараттық бағдарлама	Бағдарлама туралы презентацияны (3 минуттан аспайтын бейне материал) ұсыну қажет, онда қысқаша тарихи мәліметтер, статистика, тақырыптарға шолу болуы қажет.
6	Үздік тележүргізуші	Қатысушы туралы презентация материалын (3 минуттан аспайтын бейне материал) ұсыну қажет. Өтініштер жаңалықтардың, бағдарламалардың, ток-шоулар мен ойын-сауық бағдарламаларының тележүргізушілеріне қабылданады.
7	Үздік тележурналист	Қатысушы жұмысы туралы презентация материалын (3 минуттан аспайтын бейне материал) ұсыну қажет.
8	Үздік режиссерлік жұмыс	Бұл номинацияда режиссердің жұмысы бір бүтін материалмен ұсынылуы қажет, ал жұмыстың бірегейлігі туралы 3 минуттық презентациялық ролик көрсетілу керек.
9	Үздік әлеуметтік жоба	Бағдарламалар, әлеуметтік тақырыптағы арнайы шығарылымдар, әлеуметтік бейнероликтер сериясы және т.б.
10	Үздік аймақтық телеарна	Телеарнаның жұмысы туралы презентация материалдарын (3 минуттан аспайтын бейнематериал) ұсыну қажет, мазмұнында қысқаша тарихи мәлімет, статистикалық мәліметтер, ақпараттық, аналитикалық және ойын-сауық бағдарламаларына шолу мен өзіндік контенттің үлесі болуы керек.

Ескерту: Сондай-ақ, қазылар алқасының шешімімен теле индустрияның дамуына қосқан үлесі үшін арнайы сыйлық беріледі.